

Акциялардың мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) облыстық коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірістерінің) көлемдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 143 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсанда № 7886 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 109 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 09.06.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 186-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Акциялардың мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) облыстық коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірістерінің) көлемдері таза табысынан кемінде 50 (елу) пайыз болып белгіленсін.

2. "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Ш. Тілешевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелікон күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г. Абдыкаликова